

ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТҰЛҒА ТӘРБИЕСІНІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

МАЗМҰНЫ

1. Кіріспе
2. Нормативтік құқықтық қамтамасыз ету
3. Қазақстандағы балалар мен жастарды тәрбиелеудің қазіргі жағдайы
4. Тәрбиенің қазіргі заманғы трендтері
5. «Толық адам» тұлғасын тәрбиелеудің ұлттық моделі
6. Күтілетін нәтижелер

1. Кіріспе

Тұлға тәрбиесінің тұжырымдамалық негіздері (бұдан әрі – Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері) әрбір адамның әл-ауқатын нығайту, ұлттық сана-сезімді қалыптастыру, жеке және қоғамдық құндылықтарды қайта зерделеу, әлеуметтік әділеттілікті, өркендеген әрі орнықты азаматтық қоғамды дамыту үшін баршаға тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету идеялары мен Қазақстанның қоғамдық өмірінің барлық салаларын жаңғырту мақсатында әзірленді.

Абай шығармашылығындағы үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесі «Толық адам» философиясы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің басты идеясы ретінде танылады. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде айқындалған құндылық бағдарлары әрбір отбасын тәрбие процесіне белсенді қатыстырудың жүйелі тәсілін қамтамасыз ету үшін Қазақстанның қазіргі балалар мен жасөспірімдер жағдайы туралы зерттеулері, Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» және «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» сияқты бағдарламалық мақаласының негізгі идеялары, «Ұлттық рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі бағыттары, өскелең ұрпақты тәрбиелеуде азаматтық қоғам мен мемлекет, білім беруді дамыту үрдістері ескерілді. Осы орайда, бала – қоғамның тең құқылы тұлғасы, оның тәрбиесі мен дамуының субъектісі ретінде қарастырылады.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің мақсаты – құндылықтар негізінде даму мен қалыптасудың барлық кезеңдерінде жеке тұлғаның әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін тәрбиелеудің кешенді экожүйесін анықтау. Бұл құжаттың алдына келесі міндеттер қойылды:

- Еліміздегі және әлемдегі өскелең ұрпақты тәрбиелеудің ағымдағы жағдайын зерттеу;

- Үздіксіз білім беру жүйесінде балалар мен жастарды тәрбиелеудің әдіснамалық негіздері мен құндылық бағдарларын айқындау;

- Білім берудің барлық деңгейлеріндегі оқу және білім беру бағдарламалары мазмұнының тәрбиелік әлеуетін арттыру мақсатында оқыту мен тәрбиелеуді тиімді интеграциялау үшін жағдайлар жасау;

- Білім беру ұйымдарында тәрбие тәжірибесінің көптүрлілігі үшін мүмкіндіктер жасау;

- Балалар мен жастарды тәрбиелеу мен дамытудың мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға отбасын, қоғамды, мемлекеттік ұйымдарды, бұқаралық ақпарат құралдарын тарту жолдары мен тетіктерін айқындау.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде келесі ұғымдар мен анықтамалар қолданылады:

Тәрбие – тұлғаның үйлесімді дамуына жағдай жасау, оның құндылық бағдарлары мен мінез-құлықтың адамгершілік нормаларын қалыптастыру үшін мақсатты қызмет.

Тәрбие жүйесі – қоғамның құндылық бағдарлары негізінде білім беру үдерісіне қатысушылардың бірлескен күш-жігерімен құрылған біртұтас экожүйе.

Білім беру құндылықтары – білім беру мазмұнын айқындау үшін негіз болатын, білім алушының тұлғасын қалыптастыруда жетекші фактор болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесін құрудағы бағдарлар.

Сабақтан тыс іс-әрекет – біртұтас оқу-тәрбие процесінің құраушы бөлігі, білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру нысаны.

Баланың толыққанды дамуы – баланың қауіпсіз және қолайлы ортада физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық тұрғыда үйлесімді дамуы.

2. Нормативтік құқықтық сүйемелдеу

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің құқықтық базасын келесі құжаттар құрайды:

- 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы;

- «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы;

- «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы;

- «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Заң;

- «Сапалы білім» Білімді ұлт» ұлттық жобасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 хабарламасы);

- «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 724 бекітуі);

- «Балалардың әл-ауқат индексін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 1 ақпандағы № 21-р рұқсаты;

- Мемлекет басшысының «Жаңа Қазақстан: жаңарту және жаңғырту жолы» Жолдауы (2022 жылғы 16 наурыз);

- Мемлекет басшысының «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласы (2020 жылғы 8 қаңтар).

3. Қазақстандағы балалар мен жастар тәрбиесінің қазіргі жағдайы

Қазақстанда қоғам өмірінің барлық саласы әлеуметтік әділеттілік және әрбір адамның әл-ауқатын қамтамасыз ету мұраттары негізінде жаңғыртылуда. Балалардың әл-ауқаты болашақта табысты мемлекеттің сенімді кепілі ретінде танылады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Біздің стратегиялық міндетіміз – қазақстандықтардың жас ұрпағына бақытты балалық шақ, мықты денсаулық және жан-жақты дамуды қамтамасыз ету.

Еліміздің болашағы оның шешіміне байланысты», – деп атап өтеді. Елімізде ұлттық мониторинг тетігі ретінде балалар әл-ауқатының индексі енгізілуде.

Еліміздің оқу орындарында жүзеге асырылып жатқан білім беру тәжірибесі әртүрлі тәсілдермен сипатталады. «Отбасы – орта мектеп», «Дәстүр мен ғұрып», «Құқықтық сана – қауымға пана», «Еңбек – елдің мұраты», «Үнем – қоғам қуаты», «Экологиялық мәдениет бала күннен», «Қоғамға қызмет», «Психологиялық қызмет пен мектептің бітімгершілік қызметін ұйымдастыру», «Мектеп өмірінің бір күні» атты шаралар жас ұрпақтың бойына адамгершілік, рухани және мәдени құндылықтарды сіңіруге бағытталған.

Мектеп білім мен тәрбиенің маңызды институттарының бірі ретінде қоғам құндылықтары негізінде оқушылардың физикалық, психологиялық және әлеуметтік салауаттылығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. PISA-2018 қорытындысы бойынша қазақстандық жасөспірімдердің 87% өмірге қанағаттанатынын атап өтті. Олар құрбыларымен оңай достасады, өздерін мектеп қауымдастығының бір бөлігі деп санайды және мектеп қабырғасында жалғыздық пен ыңғайсыздықты сезінбейді. Оның үстіне ұқыптылық, сабақта тыныш отыру, тәртіп, ұйымшылдық сынды көрсеткіштер бойынша қазақстандық мектеп оқушылары зерттеуге қатысқан оқушылар арасында сыныптағы ең тәртіпті оқушы болып шықты.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы білімді ұлт қалыптастыруға, оқушыларды көркем әдебиетті жүйелі оқуға баулуға және мектеп кітапханаларына тұрақты түрде баруға бағытталған. Жоба аясында білім беру ұйымдарының кітапханалары 2 171 844 дана кітаппен толықты: 71% - қазақ тілінде, 23% - орыс тілінде, 6% - ағылшын тілінде.

Сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын, ақпараттық сауаттылық пен ұжымдық жұмысты дамыту мақсатында білім алушылар арасында пікірталас қозғалысы белсенді түрде дамып келеді. Республикада 5926 пікірсайыс клубы бар. 2021 жылы олар 5000-ға жуық пікірсайыс турнирін өткізді.

Білім беру жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі қосымша білім беру болып табылады. Қазақстан – қосымша білім берудің инфрақұрылымы мен мемлекеттік тапсырысын сақтап қалған посткеңестік елдердің бірі. Бүгінде республикада 210 оқушылар сарайы мен үйі, дамыту орталықтары, жас техниктерге арналған 20 бекет, 500-ден астам аула клубтары бар. Сонымен қатар, қосымша білім беруге тартылған балалардың жартысынан көбі мектептегі үйірмелер мен секцияларға қатысады. Балалар мен жасөспірімдердің білімге қолжетімділігі мен жаппай қамтылуын қамтамасыз ету мақсатында жергілікті атқарушы органдар қосымша білім беруді жан басына шаққандағы қаржыландыру есебінен белсенді түрде енгізуде. Музыкалық, көркемдік, спорттық, техникалық және жаратылыстану-ғылыми бағыттағы бағдарламалар жүзеге асырылуда. Сонымен, PISA-2018 деректері бойынша ең танымал бағыт – шығармашылық бағыт (мектептегі шығармашылық сыныптан тыс жұмыстардың индексі 2.0), оған ансамбльдер,

оркестрлер немесе хорлар, мектеп пьесалары мен мектеп мюзиклдері және өнер клубтарын (ЭЫДҰ бойынша орташа көрсеткіш – 1.8) жатқызуға болады.

Мектептердің спорттық лигалары дамып келеді. Колледждерде спорт секцияларымен қамту 53 пайызды құраса, жоғары оқу орындарында 29 пайыз ғана. Техникалық және кәсіптік, сондай-ақ жоғары оқу орындарында спорттың 10–12 түрінен студенттік спорттық лигалар бойынша жобалар жүзеге асырылуда.

Білім алушылар өзін-өзі басқару, әскери-патриоттық клубтарға, «Жас қыран», «Жас ұлан», «Жас сарбаз» жастар қозғалысына белсенді қатысады. Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы аясында 10 мыңға жуық қатысушысы бар еріктілер қозғалысы белсенді түрде дамып келеді. ЕРФО (Еріктілердің Республикалық Фронт Офисі) мәліметінше, Қазақстанда 491 ерікті үкіметтік емес ұйымдар мен 1658 бастамашыл топ тіркелген. 18 бен 29 жас аралығындағы жастардың 50%-дан астамы және 18 жасқа дейінгі балалардың 30%-дан астамы волонтерлік қызметке тартылған.

Қазақстандық мектеп оқушыларының ата-аналары дамыған елдерге қарағанда мектеп бастамаларын қолдауға көбірек қатысады (PISA 2018). Қазақстан Республикасының ата-аналарының жартысынан көбі мектептің өзін-өзі басқаруына және мектептен тыс іс-шараларға еріктілер ретінде қатысады, ал ЭЫДҰ елдерінде олардың үлесі 20%-ға жетпейді.

Осы орайда, «мектеп-бала-ата-ана» үштігі қағидасы бойынша «Білім-инновация» лицей-интернаты мен «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның мектеп пен ата-ананың өзара тығыз қарым-қатынасына негізделген оң тәжірибесі жинақталды. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Туған елге тағзым», «Шаңырақ», «Ұрпақтар сабақтастығы», «Ұлы дала ақындары» сияқты бірқатар әлеуметтік тәжірибелер мен білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруда. «Ата-ана кәсіпорнындағы 10 күн» және «Баланы жұмысқа апару» әлеуметтік тәжірибелері ата-аналарды оқушыларға кәсіптік бағдар беру мәселелерін шешуге тартудың сәтті мысалы болып табылады. «Білім-инновация» лицейлерінде ата-аналар қауымы лицей өміріне белсене араласады. Жеке сабақтарды өткізуге ата-аналар, қоғам қайраткерлері, түрлі мамандық өкілдері шақырылады.

Сонымен қатар, қазіргі таңда жас ұрпақ тәрбиесінде назар аударуды және шешуді қажет ететін бірқатар мәселелер бар. Жайлы отбасылық орта – бақытты бала тәрбиелеудің басты шарты десек, отбасының ажырасуы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, төмен әлеуметтік-экономикалық табыс, ата-аналардың функционалдық сауаттылығының төмен деңгейі сияқты жайттар балалардың жалпы әл-ауқатына теріс әсер етеді. Балалар мен жастар арасындағы қорқыту, зорлық-зомбылық және өз-өзіне қол жұмсау сияқты мәселелер өзекті болып отыр. PISA 2018 нәтижелері бойынша қазақстандық оқушылар ЭЫДҰ елдеріндегі құрдастарымен салыстырғанда (орта есеппен – 23%) буллингке жиі ұшырайды (32%). ЮНИСЕФ мәліметтері балалардың жартысынан көбі виртуалды зорлық-зомбылық, дін және өз-өзіне қол жұмсауды насихаттау жағдайларын бастан кешіргенін және әлеуметтік

желілерде танысуға оң көзқараста екенін көрсетті. Қазақстандық балалар мен жасөспірімдер арасында ішімдік, темекі шегу, нашақорлық, вейп сияқты індеттер өршуде. Елімізде ерте жыныстық қарым-қатынас, түсік жасату мен жыныстық жолмен берілетін аурулардың жоғары деңгейі, репродуктивті денсаулықтың нашарлауы байқалады.

Білім беру жүйесінде тәрбие негізінен мұғалімнің сабақтан тыс уақыттағы қызметі деп түсініледі. Білім берудің басым бағыттары бір реттік іс-шаралар түрінде ғана жүзеге асырылады. Бала саны шамадан тыс көп мектептерде толыққанды сынып сағаттарын өткізу мүмкіндіктері шектеулі. Әдіскер, тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, сынып жетекшісі лауазымдары шамадан тыс есептілік пен жүктемеге байланысты тартымсыз қызмет болып саналады. Сонымен қатар, Қазақстанның орта білім беру мазмұнындағы құндылықтарға қатысты зерттеу (ЭЫДҰ, 2021) сабақтың тәрбиелік әлеуетін, атап айтқанда, жаратылыстану-математикалық пәндер аясында күшейту қажеттігін көрсетеді.

Осы және басқа да мәселелер білім беру ұйымдарындағы тәрбие жүйесіндегі келесі міндеттерді шешуді талап етеді:

- Тәрбиенің ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуі, оны оқу бағдарламаларының мазмұнымен тиімді кіріктіру;

- Тәрбие жұмысымен айналысатын мамандардың функционалдық міндеттері мен құзыреттіліктерін қарастырумен қатар, білім беру ұйымдарындағы басқарушылық менеджмент деңгейін арттыру үшін кадрлық ресурстарды кеңейту қажеттілігі;

- Білім беру ұйымдарындағы буллинг, кибербуллинг және зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша республикалық деңгейде жүйелі шаралардың өзектілігі;

- Білім беруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету, оқу-тәрбие жұмысының тиімділік көрсеткіштерін әзірлеу;

- Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламаларының мазмұнына сыныпты басқару, әлеуметтік-эмоционалды оқыту, буллинг пен кибербуллинктің алдын алу бойынша заманауи педагогикалық технологияларды енгізу;

- Қоғамдық ұйымдардың, балалар мен жасөспірімдердің өзін-өзі басқару органдарының, мектептер мен ата-аналар қоғамдастығының өзара әрекеттесу тетіктерін зерделеу және әзірлеу.

Белгілі болғандай, бүгінгі таңда жас ұрпақты тәрбиелеудің заман талабына, қоғам мен мемлекеттің міндеттеріне, білім берудің заманауи ағымдарына жауап беретін жаңа жолдарын қарастыру қажеттілігі туындап отыр.

4. Тәрбие жұмысын жүргізудегі қазіргі заманғы үрдістер

Жаһандық экономикалық интеграция, технологиялық ілгерілеу, күнделікті тұрмыстың цифрлануы, өршіп келе жатқан әлеуметтік шиеленіс, саяси тұрақсыздық, экологиялық мәселелер мен халық арасындағы

алаңдаушылық әлемде орын алып жатқан оқиғалардың туындауына кері ықпалын тигізіп, болашақтың білімі туралы терең ойларға жетелейді.

Осы орайда, 2022 жылы ЮНЕСКО-ның білім берудің болашағы жөніндегі халықаралық комиссиясының баяндамасында «бейбіт, әділ және тұрақты болашақты қамтамасыз ету үшін білім беру жүйесінің өзі өзгеруі тиіс», - деп атап өтіледі. Ол үшін білім беру мақсаттарын соңғы жылдары басым болған «жеке бастың табысы, бәсекеге қабілеттілік, адами капитал, экономикалық даму» философиясынан гөрі, «ынтымақтастық, өзара тәуелділік, қамқорлық» құндылықтары төңірегінде қайта қарастыру ұсынылады.

Осыған байланысты әлемдегі білім беру жүйелерінде білім беру сапасына қатысты жеке тұлғаның әл-ауқаты тұжырымдамасына негізделген кеңірек көзқарас қалыптасуда. ЭЫДҰ ұсынысы бойынша қоғамның әл-ауқаты барлық мемлекеттерді біріктіретін ортақ мақсат болып табылады. ЭҰДҰ-ның «Оқу тұсбағдары 2030» деп аталатын болашақ бағдарында жер шарының, қоғамның игілігі барлық мемлекеттерді біріктіретін ортақ мақсат деп белгіленіп, тез өзгермелі заманда оған жету үшін білім алушыға білім, білік, дағдылармен қатар, құндылықтар жүйесі қажет деп пайымдайды.

ЮНИСЕФ мәліметтері бойынша «балалардың әл-ауқаты» ұғымы бірқатар көрсеткіштерді қамтиды: материалдық дүние әл-ауқаты; денсаулық және қауіпсіздік жағдайы; білім беру; отбасындағы және құрдастарымен қарым-қатынас; мінез-құлық тәуекелдері; балалар мен жасөспірімдердің өздерінің әл-ауқатын субъективті қабылдауы.

Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрақты даму мақсаттары барлығы үшін қауіпсіз, зорлық-зомбылықсыз, инклюзивті және тиімді оқу ортасын құрудың маңыздылығын атап өтеді. Осыған байланысты ЮНЕСКО-ның «Бақытты мектептер» жаһандық жобасында ойынға, жағымды қарым-қатынасқа, өзара үйренуге көңіл бөлінетін бақытты мектеп қауымдастығын құру басымдық ретінде танылады.

Қолайлы білім беру ортасын құру әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамытумен тығыз байланысты. Соңғы зерттеулер әлеуметтік-эмоционалдық дағдылардың оқушылардың академиялық үлгеріміне, кәсіби тұрғыда өзін-өзі анықтауына және ересек шақтағы жалпы әл-ауқатына оң әсер ететінін көрсетеді. Бірқатар елдерде (АҚШ, Сингапур) әлеуметтік-эмоционалды дағдылар білім беру стандарттарына тиімді түрде кіріктірілген.

Сонымен қатар, қазіргі таңда құндылықтарға негізделген білім берудің маңыздылығы артып келеді. Сингапурдың оқу бағдарламасы оқушының құзыреттіліктері қамқорлық, адалдық, құрмет, төзімділік, жауапкершілік және үйлесімділік құндылықтарына негізделуі керек екенін атап көрсетеді. Қытай философиясына негізделген Гонконгтың оқу бағдарламасында «табандылық», «басқаларды құрметтеу», «жауапкершілік», «ұлттық бірегейлік», «міндеттеме», «адалдық», «басқаларға қамқорлық», «заңға бағыну», «эмпатия» және «еңбекқорлық» сынды құндылықтар негізі ретінде танылған. Финляндияның оқу бағдарламасы әрбір баланың бірегейлігі және олардың

сапалы білім алу құқығы, адамгершілік, теңдік және демократия, фин қоғамының мәдени әртүрлілігі және тұрақты өмір салтын қалыптастыру қажеттілігі сияқты құндылықтардың маңыздылығын растайды.

Атап өтерлігі, халықаралық білім беру тәжірибесінде тәрбие мәселелері куррикулум сынды құжаттарға үйлесімді түрде кіріктіріліп, біртұтас педагогикалық үдерісті қамтамасыз етеді. Мысалы, Англиядағы пасторлық жүйе оқу бағдарламасымен тығыз байланысты және оқушылардың тұлғалық және әлеуметтік дамуына ықпал етеді. Шотландиядағы білімді адам идеалы «табысты оқушы, «сенімді тұлға», «тиімді қатысушы» және «жауапкершілігі бар азамат» сынды тұлғаның төрт қабілеті түрінде тұжырымдалған. Бұл мақсаттарға жету үшін оқу-тәрбие үдерісінің мүмкіндіктері, пәнаралық байланыстар, мектеп ұжымының өмірі мен оқушылардың жеке жетістіктері пайдаланылады. Сонымен қатар, оқу сауаттылығы, есептеу және денсаулық пен әл-ауқатты қамтамасыз ету сияқты үш білім беру аясы барлық мектеп қызметкерлерінің жауапкершілігі болып табылады. Ақыл-ойдың (ташикана гакурёку), ізгі қасиеттердің (ютакан кокоро) және дененің үйлесімді дамуы (сукоякана карада) - Жапония оқу бағдарламасының іргелі негізі әрі оған қоғамдық тамақтану, үйірме жұмыстары, оқушылар кеңесі сияқты шараларды ұйымдастыруға арнайы уақыт (токубетсу катсудо) бөлінеді.

Жалпы алғанда, аталмыш жаһандық үдерістерді жеке тұлғаның әл-ауқаты, оның жақсы қарым-қатынас пен жүйелі қолдау көрсетілетін әрі маңызды оқиғалар орын алатын жағымды білім беру ортасында толыққанды даму қажет деген идеялар біріктіреді.

5. «Толық адам» тұлғасын тәрбиелеудің ұлттық моделі

5.1. Тәрбие үдерісін ұйымдастырудың әдіснамалық негіздері

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері мынадай әдіснамалық тәсілдер мен қағидаттарға негізделеді:

Экологиялық жүйелер тәсілі (Бронфенбреннер, 1979) – баланың жеке тұлғасы қарқынды дамыған және өзара байланысты құрылым болып табылатын экологиялық жүйелерде (микрожүйе, мезожүйе, экзожүйе, макрожүйе және хроносистема) қалыптасады және олар жеке тұлғаның тәрбиесі мен әл-ауқатына тікелей әсер етеді.

Баланың толыққанды дамуы – баланың қауіпсіз және қолайлы ортада физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық тұрғыда үйлесімді дамуы.

Конструктивистік тәсіл – жеке тұлғаның белсенді, жан-жақты, өз бетінше танымдық іс-әрекетін жетілдіру үшін, оның әлемге деген адамгершілік көзқарасын қалыптастыру үшін педагогикалық жағдай жасау.

Инклюзивтік тәсіл – барлық білім алушыларды, олардың физиологиялық, психикалық, зияткерлік, мәдени-этникалық, тілдік және өзге де ерекшеліктеріне қарамастан оқу-тәрбие үдерісіне теңдей кіріктіру.

Құндылыққа бағдарланған (аксиологиялық) тәсіл – тәрбиенің тұтас экожүйесінде жалпыадамзаттық мәдениет құндылықтарын үйлесімді сіңіру жолымен тұлғаның адамгершілік ұстанымын қалыптастыру.

Тәрбиенің негізгі қағидаттары:

- ҚР Конституциясы мен құқық үстемдігін демократиялық мемлекеттің ең жоғары құндылығы ретінде негізге алу;
- Балалардың құқықтарын қамтамасыз ету және қорғау, бала тұлғасына құрметпен қарау, балалардың шешім қабылдау үдерісіне қатысуы;
- Білім берудің құндылықтары мен оқытудан күтілетін нәтижелер жүйесінің өзара байланыстылығы мен өзара шарттылығына негізделген оқыту мен тәрбиенің бірлігі қағидаты;
- Мәдени бірегейлік, тәрбиенің ұлттық мәдениет пен ділге сәйкестігі;
- Тұлға дамуының барлық кезеңдерінде құндылық бағдарының сабақтастығы мен үздіксіздік қағидаттарын сақтау;
- Барлық мүдделі тараптар (бала, ата-ана, қамқоршы, отбасы, тәрбиеші, педагог) арасындағы ынтымақтастық;
- Адамгершілік қасиеттерді үлгі етіп тәрбиелеуде ересектердің құндылықтар мен жалпы мінез-құлық нормаларын ұстануы;
- Тұлға тәрбиесі мен даму үдерісін жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастыру.

5.2. «Толық Адам» тәрбиесінің түйінді идеялары

Қазақ мәдениетіндегі тұлғалық даму және өзін-өзі жетілдіру идеяларын зерделеу Абайдың «Толық адам» философиясына, яғни жан-жақты дамыған ұлттық тұлға бейнесіне жетелейді. Абай өз шығармаларында ақыл, білім, ерік-жігер, ар-ождан, ізгілікті мінезімен ерекшеленуі тиіс «Толық адам» тұлғасын жан-жақты ашып көрсетеді, «онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» деген ой тұжырымдайды.

Ойшыл ақын өлең шумақтарында «Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол, Адам болам десеңіз» дей келе, «талап», «еңбек», «терең ой», «қанағат», «рақым» құндылықтарын бес асыл қасиет деп атап көрсетеді. Рухани тұлғаның бұл қасиеттері адам дамуының қазіргі кезеңі жағдайында да өзектілігін жойған жоқ.

Терең білімге құштарлық (терең ой): Ұлы ағартушы қазақ қоғамына білімнің маңыздылығын таныстыра отырып, оны дамытуды армандаған: «Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады. Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды». Ұлы ақынның пікірінше, тек білімді адам ғана жақсы мен жаманды ажырата алады, жаңаны көреді, салыстырады, оны елдің игілігіне қолдана алады. Абай қазақ халқының білім алудан, дамудан жалықпауын шын жүректен тіледі және оны «Ғылым таппай, мақтанба», – деген әйгілі өлеңдерінің бірінде жырлай келе, «Адам баласының ең жаманы - талапсыз. Талап қылушылар да неше түрлі

болады. Һәм талаптың өзі де түрлі-түрлі. Һәм сол талаптардың қайсысының соңына түссе де, бірінен бірі өнерлі, тұрлаулырақ келеді» деп өсиет ойын кара сөздерінде жалғастырады.

Білімге құштарлық алдымен ерік-жігер мен мінезді тәрбиелеуді (Ыстық қайрат) қажет етеді. Абайдың еңбектеріне сүйенсек, ерік-жігер – адамның алдына қойған мақсатына жетуі, білімді меңгеруі, өзін-өзі басқаруы үшін аса қажетті қасиет; ерік-жігер – адам тұлғасының адамгершілік құбылыстарының бірі және ол тек адамға ғана тән. Ақылдың бұйрығын орындауға мүмкіндік беретін жүректе беріктік болуы шарт, өз бойында табандылықты тәрбиелеу үшін Абай әрбір адамға «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?» деп ақыл-кеңес беріп, «өзіңнің ізгілікке, парасатқа сай іс-әрекетіңді» білуге кеңес береді. Ерік-жігердің өзін-өзі тәрбиелеуде маңызды екенін айта келіп: «Ғылымды, ақылды сақтайтын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын! Көрсө қызарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады» дейді.

Ерік-жігер еңбексүйгіштікті тудырады (еңбек). Абай шығармашылығына арқау болған өзекті тақырыптардың бірі – масылдықпен күрес. Ақын үнемі уайымсыз салғырттыққа, ойын-күлкіге салынбай, саналы еңбек етуді үндейді. Ерік-жігерді ұдайы еңбек арқылы шындап отыруды құп көреді. Еңбексүйгіштік пен білімге құштарлықтың маңызын «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Тамағы тоқтық, Жұмысы жоқтық, Аздырар адам баласын», «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап» де аталатын өлең жолдарынан көруге болады. Абай материалдық игіліктен ләззат алуды білдіретін гедонистік әл-ауқат ұғымына күмән келтіреді: «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың».

Ақынның ойынша, ақыл да, қайрат та жүрекке бағынуы керек. Сондықтан оның философиясында қайырымдылық (рақым) идеясы жетекші орын алады. «Мейірімді болуға», «басқа адамды бауырым деп санауға», «өзіңе не тілесең, соған да тілеуге», бүкіл адамзатты ең жақын адамындай жақсы көруге шақырды. Абайдың «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» дегені өзінің мазмұны жағынан жаһандық азаматтықтың заманауи түсіндірмесіне жақын.

Ақыл, қайрат, жүректің бірлігі ғана, жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруын қамтамасыз етеді. Оның «Әсемпаз болма әрнеге, Өнерпаз болсаң, арқалан. Сен де бір кірпіш, дүниеге Кетігін тап та, бар қалан» өлең жолдарының мағынасы - адамның шынайы тағдырын, өз жолын таба білу және

шығармашылық әлеуетін шыңдай білумен байланыстыратын эвдемониялық әл-ауқат тұжырымдамасына сәйкес келеді.

Қазіргі заманда жеке тұлғаның толыққанды даму идеясы когнитивті ғана емес, сонымен қатар баланың қауіпсіз және психологиялық қолайлы ортада физикалық, әлеуметтік және эмоционалдық тұрғыда үйлесімді дамуын білдіреді. Абай айтқандай, толыққанды адамның ақылы нұрлы, жүрегі жылы, қайраты ыстық. Алаш қайраткерлерінің жас ұрпақ тәрбиесі туралы ойлары да осы пайымдаумен үндес. Қазақ ақыны, прозаик Мағжан Жұмабаев тәрбиенің төрт негізін бөліп көрсетеді: ақыл-ой тәрбиесі, мінез тәрбиесі, сұлулық және дене тәрбиесі. Осыған орай, қазақстандық педагогикалық ойдың бұл тұғырлары ЭЫДҰ-ның «Білім мен дағдылардың болашағы 2030» жобасы аясында белгіленген үш тұғырға сәйкес келеді: когнитивтік негіздер, моральдық-этикалық негіздер, сондай-ақ денсаулық негіздері. Бұл ретте М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, А. Байтұрсынов тәрбиенің құндылық негіздері ана тілін, төл мәдениетін, ата-бабаны мұрасын құрметтеуге негізделуі тиіс екенін атап көрсетеді.

Жаңғыру дегеніміз жаңа құндылықтар үшін өткеннен бас тарту емес. Шын мәнінде, бұл ұлттық мұраны адамзаттың заманауи озық жетістіктерімен сақтау және байыта түсу. Осы тұрғыдан келгенде, Абайдың, Алаш қайраткерлерінің мұрасы – ұлттың жаңғыруына, өскелең ұрпақ тәрбиесіне арқау болатын негіздер.

5.3. Білім беру құндылықтары

1) *Отанышылдық және азаматтық жауапкершілік* – өз халқының дәстүрі мен тарихын құрметтеу, мемлекеттік тілді білу, қоғамға жауапкершілікпен қызмет ету және жасампаз азаматтық белсенділік таныту арқылы өз Отаны үшін қажет және пайдалы болуға ұмтылу.

2) *Құрмет* – адам құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу, этикалық нормалар мен әлеуметтік жауапкершілік принциптерін сақтау.

3) *Ынтымақтастық* – әртүрлі құндылықтарды, көзқарастарды және мәдениеттерді түсініп, құрметтей отырып, топта тиімді жұмыс істей білу.

4) *Еңбек және шығармашылық* – адал еңбекті бағалай білу, мақсатқа жетудегі күш-жігер мен табандылық, жаңа құндылықтарды қалыптастыруда білім мен дағдыларды шығармашылықпен қолдану.

5) *Ашықтық* – сананың ашықтығы, эмоционалдық кемелдік және айналаға жанашырлық таныта білу қабілеті.

6) *Өмір бойы білім алу* – цифрлық және инновация дәуірінде үздіксіз өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі жетілдіру дағдыларын дамыту арқылы үнемі білімге ұмтылу және ой-өрісін кеңейту.

5.4. Тәрбиенің іргелі негіздері

Әрбір баланың жауапкершілікпен шешім қабылдап, инклюзивті және тұрақты болашақ құруға үлес қосатын тұлға болып қалыптасуы үшін қоғамда білім, дағдылар, көзқарастар, құндылықтар жүйесі және құзыреттіліктерді

дамытуға негіз болатын тәрбиенің іргелі негіздері анықталуы қажет. Осыған байланысты әр ел өзінің әлеуметтік-экономикалық және мәдени-тарихи ерекшеліктерін басшылыққа алады.

Толыққанды дамыған жеке тұлға идеалы оның негізгі құрамдас бөліктерінің бірлігін, атап айтқанда физикалық (тән тәрбиесі, «ыстық қайрат») және зияткерлік дамуын (ақыл тәрбиесі, «нұрлы ақыл»), рухани-адамгершілік (мінез-құлық тәрбиесі, «жылы жүрек»), эстетикалық (сұлулық тәрбиесі) және ұлттық тәрбиені (ұлттық тәрбие) қамтиды. Бұл баланың толыққанды дамуының заманауи тұжырымдамасына және қазақ халқының педагогикалық мұрасына сәйкес келеді.

Тәрбиенің осынау іргелі негіздері әрбір білім беру ұйымының өмір-салтының, білім мазмұны, нысандары мен әдістерін айқындаудың негізі болуы тиіс, сол арқылы білім берудің барлық деңгейлеріндегі тұтас педагогикалық үдерістің сабақтастығы қамтамасыз етіледі.

Салауатты өмір салтын тәрбиелеу саналы таңдау дағдыларын дамыту, жауапкершілік пен құрмет құндылықтарын сіңіру, сондай-ақ салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру және баланың қауіпсіздігі үшін оңтайлы кеңістік құру арқылы балаларды өзінің дене және психикалық денсаулығына қамқорлық жасауды үйренуді білдіреді. Бұл дегеніміз:

сынып/ топ деңгейінде:

- педагогтер өз мысалында салауатты өмір салтын ұстану;
- оқу-тәрбие үдерісіне денсаулық сақтау технологиялары, физикалық белсенді әрекеттер енгізу;
- қарсы жынысты құрметтеу мақсатты түрде үйретіледі, сыни ойлау, денсаулыққа қатысты жауапкершілікпен шешім қабылдау дағдыларын дамыту;
- балалармен денсаулыққа қатысты жобалар жүргізу;
- үзіліс кезінде таза ауада еркін ойын әрекетін қолдау;
- ересектердің ғимараттарды үнемі желдетіп отыруы;
- салауатты өмір салты тақырыбында интерактивті сынып сағаттары өткізу.

білім беру ұйымы деңгейінде:

- білім беру ұйымында барлық қызметкерлер үшін балалардың денсаулығын қорғау жөнінде бекітілген саясаттың болуы;
- педагогтердің оқу-тәрбие процесіне денсаулық сақтау технологияларын енгізу бойынша кәсіби даму мүмкіндіктер жасау;
- білім беру ұйымының ғимаратына кіру кезінде физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау;
- балалар қауіпсіздігі бойынша тренер штатын енгізу (білім беру ұйымының мүмкіндіктері бойынша);
- білім алушылардың жарақаттануының алдын алу бойынша шаралар қабылдау;
- тиісті сумен жабдықтау және санитарлық-гигиеналық жағдайлармен (су, сабын, қағаз, оқшауланған кабиналар) қамтамасыз ету;

- спорт залдарындағы киім ауыстыратын бөлмелерде қауіпсіз физикалық ортаны қамтамасыз ету;
- асханада пайдалы және қауіпсіз тамақ пен ыдыс-аяқтар ұсыну;
- білім алушыларға таза ауыз су және оған кедергісіз қол жеткізуді толық қамтамасыз ету;
- білім беру ұйымдары жанынан тегін спорт үйірмелері, секциялар, жазғы лагерьлер құрып, тиімді жұмыс жүргізу;
- оқушылардың бұқаралық спорт түрлері бойынша мектепте спорт лигаларына, қысқы және жазғы спорт түрлері бойынша спартакиадаларға, скауттық қозғалыстарға қатысу үшін жағдай жасау.

отбасымен және қоғаммен ынтымақтастық деңгейінде:

- отбасы мүшелері мен қоғамдық серіктестер балалар денсаулығын қорғау бойынша білім беру ұйымының саясатын әзірлеуге қатысу;
- ата-аналар/заңды өкілдер балалардың таза және ұқыпты болуына ықпал етеді, үнемі медициналық тексеруден өткізеді, сондай-ақ балалардың денсаулық жағдайы туралы алдын ала хабардар ету;
- отбасы мүшелері мен қоғамдық серіктестер асханада ұсынылатын тағамның сапасын бақылауға қызығушылық таныту және қатысу;
- ата-аналар/заңды өкілдер мектепке дейінгі және одан кейінгі жол қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, сондай-ақ сабақтан кейінгі бос уақыты үшін жауапты болу;
- әлеуметтік институттар мен жекелеген мамандар балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, салауатты өмір салты бойынша ақпараттық-ағарту курстарын (жасөспірімдердің ұрпақты болу денсаулығын сақтау, психобелсенді заттарды теріс пайдаланудың, маскүнемдіктің, темекі шегудің, АИТВ және салауатты өмір салтының негіздері бойынша семинар-тренингтер, көшеде, үйде, интернет-кеңістікте қауіпсіздік бойынша тренингтер) өткізуге белсене қатысу;
- отбасы мен әлеуметтік серіктестердің қатысуымен сауықтыру фестивальдері, спартакиадалар мен жарыстар үнемі өткізу.

Зияткерлік даму әрбір білім беру ұйымы сапалы білім беруге ұмтылады, белсенді оқыту, отбасы мен қоғамдық серіктестерді тарту арқылы балалардың функционалдық сауаттылығын, танымға деген оң көзқарасын дамытуы тиіс дегенді білдіреді. Бұл дегеніміз:

сынып/ топ деңгейінде:

- оқуға деген оң құштарлық, өзін-өзі реттеу және жаңа білімді өз бетінше іздеу дағдыларын дамыту;
- сыни ойлауды дамыту үшін әртүрлі ақпарат көздерін қолдану;
- белгілі бір пәндерді тереңірек зерттеу үшін вариативті компоненттің мүмкіндіктерін пайдалану;
- оқу үдерісіне программалау/ кодтау негіздері енгізу.

білім беру ұйымы деңгейінде:

- білім беру ұйымында үлгерімі нашар балаларды, бір білім беру деңгейінен екінші деңгейге өтуде балаларды қолдау бойынша бекітілген саясаттың болуы;

- білім беру ұйымдарында оқуды тұлғаның зияткерлік және рухани-адамгершілік даму құралы ретінде кітап оқуды белсенді түрде насихаттау (оның ішінде сабақтар арасындағы үзілістерде кесте бойынша кітаптарды 20 минуттық оқуды көтермелеу арқылы);

- білім алушылардың оқу мәртебесін, оқу белсенділігі мен оқу сапасын арттыру мақсатында педагогикалық ұжымның, кітапхананың және ата-аналар қоғамдастығының күш-жігерін біріктіру;

- кітап алмасу және оларды бос уақытта бірлесіп талқылау үшін «Буккроссинг» оқу бұрыштарын құру;

- кітапханалар білім алушылардың оқырман мәдениетін дамыту мен жан-жақты қолдауды қамтамасыз ететін білім беру ұйымдарының ресурстық ақпараттық-білім беру, мәдени-бос уақыт орталықтары ретінде ашық коворкинг кеңістіктерін ұйымдастыру;

- мектеп сайтында үздік балалар мен мектеп әдебиетіне арналған түрлі сервистер, балалар мен жасөспірімдердің білім алуын жандандыру бойынша ресурстар (интернет-викториналар, ұсынымдық сервистер, кітап клубтары туралы ақпарат және т.б.) ұсыну;

- үйірмелер, әдеби-көркем клубтар жұмыс істейді, шығармашылық кештер, поэзия кештері, оқушылардың шығармашылық жұмыстарының көрмелері мен конкурстарын өткізу;

- отбасы мен мектептің өзара іс-қимылы негізінде зорлық-зомбылықты, суицидті насихаттайтын Интернет желісіндегі белгілі бір сайттардың балаларға қол жетімділігін бақылау.

Рухани-адамгершілік тәрбие білім беру ұйымдарында қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтармен, нормалармен және дәстүрлермен сәйкес келетін тұлғаның моральдық-этикалық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал ететін қолайлы орта құруды көздейді. Осы бағыттағы негізгі қызмет әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамытуға, білім беру ортасындағы қарым-қатынас сапасын жақсартуға, ашықтық, құрмет, ынтымақтастық құндылықтарын сіңіруге, эмоционалды хабардарлық, эмпатия және басқалармен өзара қарым-қатынас дағдыларын дамытуға бағытталуы керек. Бұл дегеніміз:

сынып/ топ деңгейінде:

- педагогтер өздерінің мысалдарымен адамгершілік қасиеттерді тәрбиелейді, балалардың қажеттіліктерін ескереді;

- оқыту барысында білім алушылармен бірге мінез-құлықтың жалпы нормалары мен сынып ережелерін әзірлейді;

- педагогтер оқушылардың эмоционалды әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін күнделікті рәсімдерді насихаттайды;

- педагогтер сыныпты басқару және сыныптың физикалық кеңістігін тиімді ұйымдастыру әдістерін біледі;

- педагогтер білім алушылармен қарым-қатынас дағдыларын, жанжалды жағдайлардың алдын алу және оны шешу дағдыларын, оның ішінде құрдастары арасындағы медиацияны мақсатты түрде дамытады;

- әлеуметтік-эмоциялық дағдыларды дамыту бойынша интерактивті сынып сағаттары өткізіледі;

- педагогтер буллинг пен жанжалдың айырмашылығы неде екенін біледі және оны балаларға түсіндіре алады;

- педагогтер сыныпты жаңа оқушыны қабылдауға дайындайды, оның бейімделуіне қолайлы жағдай жасайды.

білім беру ұйымы деңгейінде:

- білім беру ұйымының қоғамдастығында ашық, позитивті, қолдау білдіретін өзара қарым-қатынас орнатылады;

- буллинг, кибербуллинг, зорлық-зомбылық жағдайларын алдын алудың бекітілген нақты қағидалары мен рәсімдері әзірленген;

- оқу үдерісіне қатысушылар осы ережелер мен рәсімдерді ұстанады;

- білім беру ұйымы жыл сайын бюджетті және буллинктің алдын алуды дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді және бекітеді;

- тұрақты негізде мінез-құлық бұзушылықтары бар балаларды қолдау, жарақат алған балаларды қолдау, сабаққа жиі қатыспайтын балаларды сүйемелдеу бойынша шаралар қабылданған;

- ақпараттық стендке білім алушылар әртүрлі жағдайларда ересектерден (педагогтан басқа) кімге жүгіну керектігін көретін (әлеуметтік педагог, психолог, мектеп меңгерушісі; сенім телефоны, балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі тәуелсіз ұйымдар туралы) ақпарат берілген;

- медиация қызметі білім беру қоғамдастығында қақтығыстарды шешу үшін іске асырылады;

- ұжымда педагог тарапынан анық жазылған буллинг белгілері бар педагогтің кәсіби этикасының келісілген кодексін ұстанады;

- педагогтардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасалады (рекреация аймақтары, тимбилдинг бойынша іс-шаралар, эмоционалдық күйзелістің алдын алу бойынша тренингтер және т.б.).

отбасымен және қоғаммен ынтымақтастық деңгейінде:

- отбасы мүшелері мен қоғамдық серіктестер антибуллинг саясатын әзірлеуге қатысады;

- семинарға әлеуметтік институттар мен жекелеген мамандар оқушыларға, ата-аналар мен мектеп қызметкерлеріне арналған антибуллинг бойынша тренингтер өткізуге шақырылады;

- мектеп конференциялары, сондай-ақ құрдастарымен және төменгі сынып оқушыларымен ақпараттық жұмыс жүргізетін оқушылар қатарынан антибуллингтік амбассадорлар командалары ұйымдастырылады;

- отбасы мүшелері мен мектеп қызметкерлері бірлескен күш-жігермен қолайлы орта құру үшін оқушылар қатысатын біртұтас қауымдастық құрады.

- сонымен қатар, оқушылардың ата-аналары бір оқу ұйымы біріктірген қауымдастық ішінде өзара қарым-қатынас ережелерін қарастыратын антибуллинг кодексіне қол қояды.

Көркемдік-эстетикалық тәрбие. Қазақстандық оқушылардың мәдени-адамгершілік қасиеттерін дамытпайынша, қазақстандық ұлттық білім беру жүйесін жаңартуды жүзеге асыру мүмкін емес. Көркемдік және эстетикалық тәрбие өнердің барлық түрлерімен толыққанды танысу барысында балалардың көп мәдениетті тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы мәдени-білім беру кеңістігін қайта құруды қамтиды. Бұл дегеніміз:

- қазақстандық өнерді, мәдениетті және оны жеткізушілерді (орындаушыларды, суретшілерді, актерлерді және т.б.) танымал ету үшін медиа, ақпараттық, компьютерлік технологияларды белсенді енгізу;

- балалардың шығармашылық бастамаларына өнердің барлық түрлері бойынша конкурстар, фестивальдер өткізу, соның ішінде олардың өнер туралы пікірлерін анықтау арқылы қолдау көрсету;

- білім беру тақырыптарын зерттеуде көркем-өлкетану тәсілі қолдану;

- концерттерге, көрмелерге, киносеанстарға бару, көрнекті мәдениет қайраткерлерімен кездесулер арқылы өнер туындыларымен танысуды жүргізу;

- туған өлкенің балаларын оның барлық мәдени қырларында, өнердің барлық түрлерінде тануға жағдай жасау. Яғни білім алушылар оларды қоршаған болмыста мәдениет пен өнер туралы орын алған оқиғаларды нақтылайды, ашады және растайды, сондай-ақ оқытудың өмірмен байланысын іс жүзінде жүзеге асырады, жергілікті өнер қайраткерлерінің – сазгерлердің, жазушылардың, ақындардың, музыканттар, суретшілер және т. б. туындыларын зерделейді.

Ұлттық тәрбие бағытының мақсаты қазақ халқының және Қазақстан Республикасында тұратын басқа да этностардың ұлттық құндылықтарын, мемлекеттік және ана тілдеріне, тарихына, мәдениетіне, дәстүрлеріне, рухани мұрасына құрмет көрсетуді дарыту болып табылады. Бұл дегеніміз:

сынып/ топ деңгейінде:

- педагогтер сторителлинг техникасын пайдалана отырып, қазақ халқының мәдениетінен оқу-тәрбие процесіне белгілі бір нарративтер мен мағыналарды кіріктіру;

- мерзімді түрде тарихи, сәулет және естелік орындарына өлкетану экскурсиялары, қазақ халқының, Қазақстанда тұратын басқа да этностардың мәдени мұрасын, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын зерделеу бойынша мұражайларға экскурсиялар ұйымдастыру.

Білім беру ұйымы деңгейінде:

- білім беру қоғамдастығының мүшелері Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне, мемлекеттік тіліне, мәдени мұрасына құрмет көрсету;

- білім беру қоғамдастығының мүшелері мемлекеттік тілді күнделікті коммуникация кезінде қолдану;

- мемлекеттік рәміздерді шығарумен жалпымектептік іс-шараларды өткізу хаттамаларын орындау;
 - білім беру ұйымының физикалық кеңістігі мемлекеттік рәміздерді, аймақтың аумақтық және мәдени мұрасын ескере отырып безендіру;
 - балалардың мәдени және ұлттық мұраны туған өлке, ел деңгейінде және жаһандық деңгейде танымал ету және ілгерілету жөніндегі бастамалары (мектептер жанындағы тарихи-археологиялық қозғалыстар, тіл фестивальдері, қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерін танымал ету және т.б.) қолдау.
- отбасымен және қоғаммен ынтымақтастық деңгейінде:**
- үнемі әдебиет, өнер, ғылым қайраткерлерімен, соғыс және еңбек ардагерлерімен, сондай-ақ қоғам қайраткерлерімен кездесулер өткізу.

5.5. Іске асыру стратегиясы

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін іске асыру толыққанды тұлғаны тәрбиелеуде бірыңғай тәсілдері мен әдістерінің болуы мүмкін емес екенін түсінуден басталуы керек. Бұл тәрбие жұмысының әдіс-тәсілдерін, нысандарын таңдауда білім беру ұйымының дербестігін білдіреді, онда балалардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін, жергілікті жердің ерекшеліктерін ескерілуі тиіс.

Дәстүрлі тәрбиелік шаралар жаңа ұрпақтың сұранысы мен қажеттілігіне сай келмей жатады. Бұл білім беру ұйымдарында арнайы тәрбиелік іс-шараларды өткізуден гөрі оқушылардың жеке тәжірибесін дамыту үшін жағдай жасауға көшудің қажет екендігін білдіреді. Жеке тұлғаның үйлесімді дамуы, ең алдымен, білім беру ұйымының қалыптасқан мәдениетіне, оқу және оқудан тыс шараларды ұйымдастыру тәртібіне, отбасымен және қоғамдық серіктестермен ынтымақтастық орнату деңгейімен тығыз байланысты.

Тәрбие мәселесінің барлығына ортақтығы. Тәрбие мәселесінің барлығына ортақтығы білім беру ұйымының миссиясы, құндылықтар жүйесі мен даму мақсаттары анықталғанын, тәрбие жұмысын үйлестіруде негізгі қатысушылардың тобы құрылғанын және тәрбие жұмысын жүзеге асырудың тиімді стратегиялары әзірленгенін білдіреді. «Толық адам» тұжырымдамасын іске асыру үшін білім беру үдерісінің барлық қатысушылары (педагогтер, ата-аналар, әкімшілік, мектеп қызметкерлері) жалпы құндылықтар мен мінез-құлық нормаларын ұстануы қажет. Себебі балалардың әдеп нормалары өзін қоршаған ортаны бақылау және басқаларға еліктеу арқылы қалыптасады. Білім беру ұйымы қабырғасында педагогтердің өз үлгісі арқылы тәрбиелеуі сөйлеу мәдениеті, өзгелермен қарым-қатынасы, киім киюі, еңбекке көзқарасы, сыныпта/топта өзін-өзі ұстауы арқылы көрініс табады.

Оқу іс-әрекеті

Оқу бағдарламаларының/модульдердің мазмұнына құндылықтарды кіріктіру дегеніміз:

- балалардың жас ерекшеліктері мен танымдық мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу бағдарламаларының мазмұнындағы тәрбие мақсатын нақтылау;

- құндылықтарды дарытуға және кең ауқымды дағдыларды дамытуға арналған тиісті мәтіндерді, тапсырмалар мен міндеттерді іріктеу;
- білім алушылардың танымдық әрекетін ынталандыру үшін оқытудың белсенді әдістерін қолдану;
- білім алушылар арасында оларға қамқорлық пен ынтымақтастық құндылықтарын сіңіру үшін өзара үйренуді ұйымдастыру;
- нақты өмір қажеттіліктерімен өзара байланыстыра отырып, жеке және топтық жобаларды ұйымдастыру арқылы білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын дамыту;
- білім алушылар арасында өзін-өзі бағалауды, өзара бағалауды қолдау, білім беру нәтижелерін қалыптастырушы бағалау мәдениетін жетілдіру;
- қоршаған әлем туралы біртұтас түсінікті қалыптастыру үшін пәнаралық, пәнішілік байланыстарды қамтамасыз ету;
- білуге деген қызығушылық пен құштарлықты ынталандыру, сондай-ақ әлеммен ынтымақтастық көкжиегін кеңейту шеңберінде жаңа технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалану.

Сыныптан тыс іс-әрекет

Тәрбие тек сабақтармен шектелмейді. Мектептің тәрбие жүйесінде танымдық емес және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, білім алушылардың әлеуметтенуіне ықпал ететін, балалардың сапалы бос уақытын қамтамасыз ететін және олардың бірыңғай білім беру қоғамдастығына жататындығы сезімін нығайтатын оқудан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру үшін қолайлы жағдайлар жасау маңызды.

Білім беру ұйымының тыныс-тіршілігінде оқудан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандары орын алады, оның ішінде:

- үйірмелер мен секциялардың, балалар бастамаларының әртүрлі нысандары;
- жалпы мектепішілік іс-шаралар (мемлекеттік және ұлттық мерекелерге байланысты іс-шаралар; елдегі атаулы күндер мен маңызды оқиғаларға арналған іс-шаралар; оқу жылының басталуына және аяқталуына арналған салтанатты іс-шаралар; олимпиадалардағы, спорттық және шығармашылық конкурстар мен жарыстардағы жетістіктері үшін білім алушылар мен педагогтерді марапаттау рәсімдері);
- тәрбие бағыттарына сәйкес интерактивті сынып/кураторлық сағаттар;
- шақырылған қонақтармен кездесулер (қоғам қайраткерлері, әлеуметтік институттар, мамандар, бизнес-қоғамдастық өкілдері, әлеуметтік кәсіпкерлер, мәдениет және спорт қызметкерлері);
- мектептен тыс іс-шаралар (флешмоб акциялар, қайырымдылық және волонтерлік іс-шаралар, мәдени іс-шаралар, туристік сапарлар және мұражайларға бару).

Білім беру ұйымының күнделікті тұрмыс-тіршілігі

Үздіксіз даму мәдениеті. Әрбір білім беру ұйымында ресми (әдістемелік бірлестіктер) және бейресми құрылымдар шеңберінде мұғалімдердің үздіксіз кәсіби дамуы үшін жағдай жасалуы тиіс. Әрбір білім беру ұйымы балалардың,

оның ішінде халықтың әлеуметтік оқшауланған топтарындағы балалардың нақты сұраныстарын, қажеттіліктерін, мүдделері мен қалауларын ескере отырып, құндылықтарды дарытудың тиімді тәсілдерін дербес түрде ізденуі керек. Тәрбие бағыттарын іске асыруда жергілікті деңгейдегі басымдықтар, географиялық ерекшеліктер, әлеуметтік-мәдени контекст, білім беру ұйымының ұйымдық-құқықтық нысаны мен материалдық-техникалық базасы ескерілуі қажет.

Балалардың шешім қабылдауға қатысуы. Азаматтық сананы тәрбиелеу, қоғамға қызмет ету әр баланың субъективтілігін танудан, әр оқушының қоршаған ортаны жақсы жаққа өзгерте алатын, оның ішінде қоғамға қызмет ету тәжірибесі арқылы көшбасшы екенін түсінуден басталуы керек. Бұл өз қадір-қасиетіне, ар-намысына және борышына құрмет көрсетуді қалыптастыруды; басқалардың құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеуді; білім алушыларды білім беру ұйымы мен қоғамның тыныс-тіршілігінің әртүрлі салаларына, оның ішінде қоғамға қызмет ету арқылы жауапты және белсенді қатысуға тартуды көздейді. Азаматтық сана-сезімді тәрбиелеу – бұл өзін-өзі басқарудың бір реттік күндерін өткізу ғана емес, білім алушыларды білім беру ұйымының күнделікті тыныс-тіршілігінде шешім қабылдау үдерісіне жүйелі түрде тарту (ұсыныстарға арналған жәшіктер, этика қағидаларын сақтау арқылы жүргізілетін сауалнамалар, фокус-топтар; балалар бастамаларын қолдау) екенін түсіну керек.

Кәсіптік бағдар беру. Өмір бойы оқуға, білім беру, өмір және жұмыс жағдайындағы әртүрлі рөлдерді орындауға, сондай-ақ саналы шешімдер, соның ішінде саналы түрде мамандық таңдау арқылы өз өмірін қалыптастыруға дайын тұлғаны тәрбиелеу білім беру жүйесінің басты міндеті болып табылады. Бұл балалардың танымдық қызығушылықтары мен кәсіби қалауларын ескере отырып, оларды оқытудың жеке траекториясын құра білуді, балалардың/жасөспірімдердің жеке қызығушылықтарына қолдау білдіруді, орта білім беру ұйымдарында кәсіби бағдар беруші штатын енгізу бойынша жүйелі жұмыс жүргізуді, сабақтан тыс уақытта балалардың қабілеттері мен бейімділіктерін дамыту үшін жағдайлар жасауды, кәсіпорындардың, әртүрлі бизнес өкілдерінің, табысты кәсіпкерлер мен бизнесмендердің үздіксіз тәлімгерлігі, сондай-ақ білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайтуды (шеберханалар, зертханалар, медиа-студиялар және т.б.) білдіреді.

Әлеуметтік жобалар. Қазіргі түсінік бойынша балалардың бойында тұрақты құндылықтық бағдарлар жүйесін тәрбиелеу, ең алдымен, балалардың өзі іс-әрекет барысында тұлғалық эмоционалдық тәжірибе жинақтап, рефлексия дағдыларын игеруіне тікелей байланысты. Жобалармен айналысу құндылық тәрбиесін жүзеге асырудың ең тиімді әдісі болып табылады. Жобалар білім беру ұйымының күнделікті тіршілігін барлық білім беру қоғамдастығы қатысатын, осылайша бір реттік тәрбиелік іс-шараларды біртіндеп алмастыратын әлеуметтік маңызды оқиғалармен толтыруға мүмкіндік береді. Жеке және топ болып орындалатын жобалар білім

алушылардың танымдық, зерттеушілік дағдыларын дамытады; шығармашылық, топта жұмыс істей білу, жауапкершілікпен шешім қабылдау сияқты дағдылар мен қасиеттерін дамытуға; білімді, іскерлікті, дағдыларды шынайы өмірде қолдануға және қоғам мен адамзат мәселелерін шешу үшін жаңа құндылықтарды қалыптастыруға; белгілі бір құбылысқа, оқиғаға эмоционалды қарым-қатынасын қалыптастыруға; әртүрлі жастағы балалар арасындағы ынтымақтастық, қамқорлық құндылықтарын, топтық рухты тәрбиелеуге, осылайша әлеуметтік ГРА жинақталуына ықпал етеді.

Тұрақты даму қағидаттарын ұстану қоршаған ортаның мәселелерін шешуде балалардың жобалық іс-әрекетін ұйымдастыруды, олардың эковолонтерлік бастамаларын қолдау арқылы туған өлкеге, қоршаған әлемге, елге және Жер шарына құрмет құндылықтарын сіңіру арқылы жеке жауапкершілік сезімін, сана-сезімді және табиғи ресурстарды саналы тұтынуды тәрбиелеуді (көрмелер, арт-объектілерді құру бойынша шеберлік сыныптар, театр қойылымдары), қалдықтарды сұрыптау мәдениетін қалыптастыруды, күнделікті білім беру ұйымының тіршілігінде табиғи ресурстарды үнемдеуді білдіреді.

Отбасымен ынтымақтастық

Балалардың үйлесімді дамуының негізгі факторы – отбасылық қарым-қатынас және саналы ата-ана болу. Ата-аналар көбінесе балалардың академиялық үлгерімі, олардың белгілі бір оқу мақсаттарына жету мәселелеріне қызығушылық танытады. Әртүрлі білім беру деңгейлеріндегі тәрбие бағдарламалары ата-аналармен бірге келісіліп, бірге әзірленуі керек.

Жеке тұлғаны тәрбиелеуде ата-аналармен ынтымақтастық келесі бағыттарды қамтуы керек (олармен шектелмейді):

- білім беру ұйымының әлеуметтік желілердегі (instagram, facebook) парақшасы арқылы ақпарат алушы ретінде ата-аналармен байланыс орнату;

- ата-аналар жиналыстарының жаңа түрлерін ұйымдастыру (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, семинарлар, ашық есік күндері, ата-аналар конференциялары, педагогикалық қонақ бөлмелері);

- саналы ата-ана болу бойынша арнайы бағдарламалар мен семинарлар, дәрісханалар ұйымдастыру (Үлгілік тақырыптар: 6-10 жас – «Баланың дүниетану ерекшеліктері: ешкім бос болып туылмайды», «Бала-бұл адам», «Барлық балалар жаратушылар: Эмоционалдық интеллект», «Бала-мұғалім ретінде»; 11-15 жас: «Салауатты қарым-қатынас – зиян емес. «Бала-күйзелуші адам», «Өз баласын құрметтеу: лайық болу керек», «Менімен сөйлес, бала», «Отбасы құндылықтары және жеке құндылықтар», «Балаларды түсінудегі ұрпақтар арасындағы үзілістер», «Әкелер және креатив»; 15-18 жас: «Жеке бостандық-табысқа жетудің кілті», «Отбасындағы қақтығыстарды басқару», «Отбасындағы әртүрлі ұрпақтардың коммуникациялары», «Балалар және ақша», «Балалардан не үйрену керек»);

- білім беру ұйымдарында ата-аналарға арналған бағдарламалар, әдістемелік құралдар әзірленетін, саналы ата-ана болу бойынша семинарлар,

ата-аналарға арналған тәлімгерлік бағдарламалар өткізілетін ресурстық орталықтар ашу;

- ата-аналарды тәрбие жоспарын әзірлеуге және іске асыруға тарту;
- ата-аналармен бірге білім беру ұйымының құндылықтарын анықтау, олардың құндылықтарды дарытудағы рөлін талқылау;

- ата-аналарды «Менің мамандығым», «Отаным», «Достық», «Біз ересектер эмоциялармен қалай күресеміз» сияқты тақырыптарда, сондай-ақ олардың кәсіби қызмет саласына байланысты (ата-ана-денсаулық туралы медицина қызметкері, ата-ана-аспаз тағамдар немесе дұрыс тамақтану арқылы басқаларға қамқорлық туралы және т. б.) және білім беру ұйымының құндылықтарына байланысты тақырыптарға сөз сөйлеуге қонақ ретінде лектор ретінде шақыру.

- ата-аналармен бірлескен мәдени және спорттық іс-шаралар ұйымдастыру.

Қоғамдық серіктестермен өзара әрекеттесу

Жасына қарамастан, адам өзінің әлеуметтік белсенділігі арқылы оның дамуына үлес қосатын қоғамның тең құқылы мүшесі болып табылады. Өз рөлін және басқа қатысушылардың (жеке тұлғалардың да, ұйымдар мен институттардың да) рөлін түсіну жеке адамға «отаншылдық және азаматтық жауапкершілік», «ынтымақтастық», «еңбек және шығармашылық», «құрмет» сияқты құндылықтарды тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Қоғаммен өзара іс-қимыл білім беру ұйымын дамыту стратегиясында әлеуметтік көзқарастың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және мынадай шаралар арқылы «оқушы – қоғам қайраткері» және «қоғам мектепке көмектеседі» деген екі тәсілді қолдану арқылы іске асырылуы мүмкін:

- Үкіметтік емес ұйымдармен әріптестік шеңберінде оқушылардың еріктілік жобаларын дамыту;

- Физикалық даму ерекшеліктеріне қатысты хабардарлықты арттыру бойынша медициналық мекемелермен тұрақты жұмысты ұйымдастыру (дәрігерлермен ай сайынғы кездесулер);

- Ауылды/ауданды/қаланы дамыту туралы дәрістер/ашық сабақтар өткізу үшін жергілікті атқарушы органдардың өкілдерімен кездесулер ұйымдастыру;

- Басқа білім беру ұйымдарының педагогтарымен, ЖОО профессорлық-оқытушылық құрамымен, ғылыми және қоғамдық ұйымдармен кәсіби даму мәселелері бойынша ынтымақтастық орнату;

- Шетелдік әріптестердің озық кәсіби тәжірибесін зерделеу және пайдалану үшін жаһандық ынтымақтастық құру;

- Жергілікті кәсіпорындарда сабақтар ұйымдастыру;

- Түрлі сала мамандарымен кездесулер ұйымдастыру;

- Үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп мамандық таңдау бойынша кеңес беруді ұйымдастыру;

- Үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп саналы түрде ата-ана болу бойынша семинарлар мен оқу курстарын ұйымдастыру.

Бақылау және бағалау жүйесі. Әрбір білім беру ұйымында өзін-өзі бағалау, бақылау әдістері негізінде тәрбие жұмысын бақылау және бағалау жүйесі болуы тиіс. Деңгейге байланысты сауалнамалар, мотивациялық күнделіктер, жеке портфолиолар, мектеп сауалнамалары, ата-аналар мен балалардың сұхбаттары мен кері байланысы өзін-өзі бағалау құралы бола алады. Өзін-өзі бағалау құралдары ұсынымдық сипатта болады. Өзін-өзі бағалаудың негізгі мақсаты – ағымдағы жағдайды талдау, осы шешімдерді жақсарту және іске асыру бойынша шешімдерді әзірлеу. Сонымен қатар, білім беру ұйымдары тәрбие жұмысының көрсеткіштерін сыртқы бағалауды басшылыққа алады. Бұл осы құжатты өзгертуге бағытталған жанама көрсеткіштер: баланың әл-ауқат индексі, білім алушының, сыныптың, мектептің, ауданның, қаланың, облыстың жалпы оқу үлгерімі бойынша көрсеткіштері, аудан мен қаланың периметріндегі балалар мен жасөспірімдер қылмысының деңгейі және т. б.

6. Күтілетін нәтижелер

Баланың құндылық бағдарлары негізінде толыққанды дамуы мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымының мектепалды сыныбының түлегі келесі қасиеттерге ие болады дегенді білдіреді. Білім алушылар

- 1) дене бітімі дамыған;
- 2) білуге құмар;
- 3) өзіне сенімді және белсенді;
- 4) эмоционалды елгезек;
- 5) әлеуметтік дағдыларды және ересектермен, құрдастарымен өзара қарым-қатынас жасаудың, өз бетінше үйренудің дағдылары мен әдістерін меңгерген;
- 6) өзі, отбасы, қоғам (жақын әлеумет), мемлекет (ел), әлем және табиғат жөнінде алғашқы түсініктері бар;
- 7) орта білім беру ұйымында оқуға қажетті біліктер мен дағдыларды игерген.

Баланың құндылық бағдарлары негізінде толыққанды дамуы бастауыш білім беру деңгейінің түлегі келесі қасиеттерге ие болады дегенді білдіреді. Білім алушылар

- 1) өзін Қазақстанның жас азаматы ретінде сезінеді;
- 2) қоғамдағы жалпы әдептілік ережелері мен мінез-құлық нормаларын сақтайды;
- 3) айналасындағыларға мейірімділік пен жанашырлық танытады;
- 4) Қазақстан халқының мәдениеті мен дәстүрлеріне, мәдени әртүрлілігіне құрмет көрсетеді;
- 5) әртүрлі пікірлерге құрметпен қарайды, диалог жүргізе алады;
- 6) өз денсаулығына, қоршаған ортаға және экологиялық тепе-теңдікті сақтауға оң көзқараспен қарайды;

- 7) шығармашылық және сыни тұрғыдан ойлай алады;
- 8) ақпараттық-коммуникациялық құралдар мен технологияларды тиімді пайдалануға ұмтылады;

9) оқу-тануға құлшыныс білдіреді.

Баланың құндылық бағдарлары негізінде толыққанды дамуы негізгі орта білім беру деңгейінің түлегі келесі қасиеттерге ие болады дегенді білдіреді:

- 1) Қазақстан мүдделеріне қызмет етуге дайындығы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарының нормаларын құрметтейді және сақтайды;
- 3) әлеуметтік жауапкершілік және шешім қабылдай алады;
- 4) мемлекеттік тілді меңгеруге ынталы;
- 5) Қазақстан халқының мәдениеті мен дәстүрлерін, әлемнің мәдениеттік алуан түрлілігін құрметтейді;
- 6) рухани келісім және толеранттылық идеяларын қолдайды;
- 7) қоршаған ортаға және экологиялық тұрақтылықты сақтауға оң қарым-қатынас жасайды;
- 8) шығармашылықпен және сын тұрғысынан ойлай алады;
- 9) коммуникативтілік және ақпараттық-коммуникациялық құралдар мен технологияларды тиімді қолдана біледі;
- 10) өмір бойы білім алуға және өзін-өзі жетілдіруге талпынады.

Баланың құндылық бағдарлары негізінде толыққанды дамуы жалпы орта білім беру деңгейінің түлегі келесі қасиеттерге ие болады дегенді білдіреді. Білім алушылар

- 1) Қазақстан мүдделеріне қызмет етуге дайын;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясының нормалары мен заңдарын құрметтейді және сақтайды;
- 3) әлеуметтік жауапкершілікті түсінеді және шешім қабылдайды;
- 4) мемлекеттік тілді меңгеруге ынталы;
- 5) Қазақстан халқының мәдениеті мен дәстүрлерін, әлемнің мәдениеттілік алуан түрлілігін құрметтейді;
- 6) рухани келісім және толеранттылық идеяларына бейімделе алады;
- 7) қоршаған ортаға және экологиялық тепе-теңдікті сақтауға оң қарым-қатынас білдіреді;
- 8) шығармашылық және сын тұрғысынан ойлайды;
- 9) коммуникативтік және ақпараттық-коммуникациялық құралдар мен технологияларды тиімді қолдана біледі;
- 10) өмір бойы білім алуға және өзін-өзі жетілдіруге ынталануды дамытады.

Аббревиатуралардың толық жазылуы

ЭЫДҰ – Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы

ЮНЕСКО - Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі Ұйымы

ЮНИСЕФ - Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар Қоры

PISA - Оқушылардың жетістіктерін халықаралық бағалау бағдарламасы
(Programme for International Student Assessment)

ЕРФ – Еріктілердің республикалық фронт-офисі

БҰҰ ТДМ – Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрақты даму мақсаттары

ДББҰ – Дербес білім беру ұйымдары

ЖАЛПЫ ҰЛТТЫҚ ЖОБАЛАР

Қазіргі уақытта білім алушыларды білім беру ұйымдарының әлеуметтік процестеріне тартуды күшейтуге бағытталған республикалық деңгейдегі жобалар әзірленіп, іске асырылуда:

- «Мектеп Парламенті» өзін-өзі басқару моделі
- Оқушылар мен студент жастардың дебаттық қозғалысы
- Оқуға құштар мектеп

Мектептегі өзін-өзі басқару моделі «Мектеп Парламенті». Парламент-білім алушыларды мектептің мәселелерін шешуге субъект және мектепті жақсартуға мүдделі тікелей қатысушылар ретінде тарту тетігі.

Мектеп Парламентінің Міндеттері:

- әр білім алушыны мектептің қоғамдық өмірін ұйымдастыруға конструктивті тарту үшін жағдай жасау;
- мектепті жақсарту бойынша білім алушылардың жеке жобаларын іске асыру үшін мүмкіндіктер беру;
- бастамаларды ынталандыру және қолдау арқылы білім алушылардың таланттарын ашу және іске асыру үшін орта құру;
- білім алушылар арасында өзара көмектің сенімді ортасын құру;
- азаматтық сана және көшбасшылық дағдыларын тәрбиелеу;
- қоғамдық институттармен конструктивті қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту.

Мектеп Парламентінің жұмысы логикаға сәйкес жүргізіледі:

1. Талқылау (мақсаттарды, міндеттер мен проблемаларды анықтау)
2. Бастама (шешім ұсыну)
3. Жоспарлау
4. Іске асыру
5. Нәтижелерді талқылау және мектеп қоғамдастығы алдында есеп беру

Мектеп Парламентінің бастамалары жоба ретінде ресімделеді, ал жоспарлау және іске асыру кезінде жобаларды басқару құралдары қолданылады.

Мектептер өзара көмек және сенім, дамуға ұмтылу, барлық білім алушылардың тең құқылығы, шешімдер қабылдаудың ұжымшылдығы, білім алушылардың құқықтары мен мүдделерінің басымдылығы, әрбір жеке тұлғаға қатысты ізгілік, ашықтық, еріктілік, адалдық және әріптестерді құрметтеу қағидаттарына негізделе отырып, өз Парламентінің моделі мен жұмыс регламентін айқындайды. Бұл қағидаттар Парламенттің сайланған «үздіктер» мен «белсенділер» үшін орынға айналу қаупін болдырмауға бағытталған, өйткені мұндай бөліну білім алушылардың қалған бөлігінің өзін-өзі тануына және Парламентке деген сенімін жоғалтуға әкеледі.

Оқушылар мен студент жастардың дебаттық қозғалысы. Дебаттар – өзекті тақырыптар бойынша идеялармен, пайымдармен, пікірлермен көпшілік алдында алмасу форматындағы зияткерлік ойын; білім алушыларда сыни

ойлау мен шешендік шеберлікті, толеранттылықты және әртүрлі көзқарастарға құрметпен қарауды, командада жұмыс істей білуді, зерттеулер жүргізу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Мектептегі дебат клубтарын құру республикалық дебат қозғалысының жобасын іске асырудың бір бөлігі болып табылады.

Мектептер дебат клубтарын құрады және олардың қызметін ішкі құжаттар негізінде реттейді. Дебат клубтарының негізгі бағыттары:

- белсенді тұлғалардың өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасау;
- оқыту сабақтарын ұйымдастыру;
- командаларды қалыптастыру және олардың әртүрлі деңгейдегі турнирлерге қатысуын қамтамасыз ету;
- сынып командалары арасында турнирлер ұйымдастыру және өткізу;
- барлық деңгейдегі тақырыптық турнирлерге қатысу;
- клубтың ерекше көзге түскен қатысушыларын марапаттау;
- білім алушыларды дебаттық қозғалысқа тарту;
- дебаттық қозғалыс шеңберінде дербес турнирлер өткізу арқылы білім беру ұйымдарының дебаттық клубтарымен байланыс орнату және қолдау;
- әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдарында дебат клубын насихаттау.

Оқуға құштар мектеп. Қазіргі адам оқу дағдыларын дамытуды қажет етеді, бұл біздің айналамыздағы ақпарат ағынын үнемі арттыру жағдайларына байланысты. «Оқуға құштар мектеп» жобасының мақсаты оқу мәдениетін дамыту үшін қолайлы орта құру, оқырмандық белсенділікті ынталандыру және оқырмандық құзыреттілікті арттыру, білім алушылардың ақпаратты басқару дағдыларын дамыту болып табылады.

Жобаның міндеттері:

- жеке тұлғаның зияткерлік және рухани-адамгершілік дамуының және білім алушылардың бос уақытын өткізудің нысаны ретінде оқуды насихаттау және жандандыру;
- білім алушылардың оқырман құзыреттілігін, медиалық-ақпараттық сауаттылығы мен ақпараттық қауіпсіздігін қалыптастыру;
- мектеп кітапханаларын білім алушылардың оқу мәдениетін дамыту мен қолдауды қамтамасыз ететін білім беру ұйымдарының ресурстық ақпараттық-білім беру, мәдени және бос уақытты өткізу орталықтары ретінде дамыту;
- педагогикалық ұжымның, кітапхананың және ата-аналар қоғамдастығының күш-жігерін оқу мәртебесін, оқушылардың оқу белсенділігі мен оқу сапасын арттыру мақсатында біріктіру.

«Мектеп кітаптарының тізімі» (әр мектеп үшін бірегей), «Х кітабы бойынша тақырыптық ай», «мектеп буккроссингі», «кітап – фильм», «кітап бойынша TikTok», «оқу тренажері» және т.б. сияқты іс-шараларды ұйымдастыру жобаның сәтті жүзеге асырылуына ықпал етуі мүмкін.

Республикалық сипаттағы жобаларға қосымша ретінде Қазақстанның түрлі мектептерінде қолданылатын сәтті кейстерді бейімдеуге және қолдануға

болады, атап айтқанда Назарбаев Зияткерлік мектептерінде (НЗМ) қолданылатын – Шаңырақ», «Туған елге тағзым», «Ұрпақтар сабақтастығы» және «Ұлы дала ақындары» «100 күй тарихы», «10 күн ата-аналар мекемесінде», «Ақылды бейсенбі».

- «Шаңырақ» – жоғары және төменгі сынып оқушылары (Дж. Роулинг «Гарри Поттер» туралы кітаптар сериясынан «Хогвартс» мектебінің факультеттерінің аналогы) арасында әртүрлі мектепішілік қоғамдастықтарды қалыптастыру

- «Туған елге тағзым» – туған өлкеден бастап елді зерттеу және зерделеу бойынша жоба, оның ішінде басқа мектептермен серіктестік мүмкіндіктері және бірлескен экспедициялар ұйымдастыру.

- «Ұрпақтар сабақтастығы» – зейнеткерлік жастағы адамдарды мектеп жобаларына тарту.

- «Ұлы дала ақындары» және «100 күйдің тарихы» – жаһандық мәдени мұра контекстінде ұлттық ақындар мұрасы мен ұлттық музыканы зерттеу арқылы мәдени хабардарлықты қалыптастыру.

- «10 күн ата-аналар мекемесінде» – 9-11 сынып оқушыларын оқу жылының соңында ата-аналар кәсіпорындары базасында тағылымдамадан өткізу.

- «Ақылды бейсенбі» отандық, шетелдік ғалымдармен, қоғамдық тұлғалармен «қоғамдық пікір көшбасшыларымен кездесу» форматында қоғамдық өмірдің, ғылымның, экономиканың, мәдениеттің өзекті мәселелері бойынша кездесулер өткізіледі.